

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Киім дүкені"ЖАРИЯЛАНДЫ
14.05.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/120985/>**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.****Білім беру саласы:** Қатынас**Оқу іс-әрекеті:** Сөйлеуді дамыту**Тақырыбы:** «Киім дүкені»**Мақсаты:****Білімділік:** балаларды киім дүкенімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету;**Дамытушылық:** бір-екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу түрлерін дамыту;**Тәрбиелік:** ұқыптылыққа тәрбиелеу.**Көрнекіліктер:** ұл бала мен қыз бала бейнеленген сурет, қуыршақтың киімдері.**Сөздік жұмыс:** киім.

Әрекеттердің кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Ұйымдастырушылық-

қозғаушылық Балаларды жартылай шеңберге отырғызып, бір-біріне жақсы сөздер айтуды ұсынады. -Әдемі бол, жақсы бол, үлкен бол, ақылды бол! Суретке көңіл аударып, ұл баланың киімдерін және қыз баланың киімдерін атайды. Ұл балада қандай, қыз балада қандай киім болатынын ажыратады. -Балалар, қане, бәріміз үстіміздегі киімдердің аттарын атайықшы. Балалар тәрбиешінің көмегімен жақсы сөздер айтады. Суретке қызығушылық танытады. Балалар үстіндегі киімдерді қуанышпен жарыса айтуға тырысады.

Ұйымдастырушылық-

ізденістік Балаларға қуыршақтар таратып беріп, бүгін киімдер дүкеніне баратынын

айтады. «Киімдер дүкенінен» қуыршақтарына киім сатып әперулерін өтінеді. Балалар дүкенге келіп; -Мен мына киімді аламын,-деп сатып алады. Қандай киім сатып алғанын, оны не себепті алғанын және түстері туралы әңгімелейді. Балаларды сұраққа жауап беруге, әңгімелесуге тартады. Балалар қуыршақтарға және дүкенге баратындарына қуаныш танытады. -Мен көйлек кигіземін, себебі қуыршағымыз қыз бала.Көйлегі әдемі. - Мен шалбар кигіземін,

Сергіту сәті. Бір, екі, үш деп, Алақанды соғамыз. Жоғары-төмен қараймыз, Орнымызды табамыз. Дидактикалық ойын «Бұл не?» Шарты: киімдердің суреттерін көрсетеді. өйткені менің қуыршағым ұл бала. Осылайша қандай киім алғанын, қандай киім кигізетінін, аттарын, түстерін әңгімелеуге тырысады. Қимыл-қозғалыстармен орындайды.

Рефлексиялық-

түзетушілік Балаларға сөйлеуге, тіл байлықтарын дамытуға көмектеседі. Әңгімелеуге талпынғандарын бағалайды. Балалар сөйлеп үйренеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: киімді сипаттай алуды;

Игереді: жазғы және қысқы киімдерді ажыратуды;

Меңгереді: 2-3сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыруды

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.